**Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1999 жылғы 12 сәуір N 60-б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 14 маусымда тіркелді. Тіркеу N 801. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-П бұйрығымен. ~V011432

"Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Z970126_ 1997 жылғы 16 маусымдағы және "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 365-1 Z990365_ Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау және төлеу тәртібі туралы қоса берілген нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1997 жылғы 19 желтоқсандағы N 228-п, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 2 наурызда N 479 V980479 _ тіркелген Қазақстан Республикасының бірінші қаржы Вице-Министрінің 1998 жылғы 18 ақпандағы N 62 бұйрықтарымен бекітілген Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау, қаржыландыру және төлеу тәртібі туралы ереженің күші жойылсын.

3. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу жасалған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
1999 жылғы 12 сәуір N 60-б

бұйрығымен бекітілді

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау және төлеу тәртібі туралы Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар (бұдан әрі - мемәлеуметжәрдемақылар) және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар (бұдан әрі - арнаулымемжәрдемақылар) тағайындау, төлеу тәртібін "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Z970126_ 1997 жылғы 16 маусымдағы, Зейнетақы тағайындау жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - ЗТМО) "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Z990365_ 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес белгілейді.

Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымем-жәрдемақыларды тағайындау ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері арқылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі облыстық Астана және Алматы қалаларының өкілдіктері (бұдан әрі - өкілдіктер) жүргізеді.

Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар өткен ай үшін төленеді.

## 1. Мемәлеуметжәрдемақылар мен арнаулы-мемжәрдемақыларды тағайындау шарттары

1. Мемәлеуметжәрдемақыларды және арнаулымемжәрдемақыларды алуға құқылы азаматтарға өкілдіктер "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін жәрдемақылар туралы" және "Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары белгілеген мөлшерде жәрдемақы тағайындайды.

2. Мемәлеуметжәрдемақылар алуға құқылы адамдар тұрғылықты орыны бойынша ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдеріне жәрдемақы тағайындау туралы өтініш береді, мынадай құжаттарды тапсырады:

мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындағанда:

- алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басының куәлігі);

- өтініш;

- медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясының мүгедектік тобын белгілеу туралы анықтамасы (үлгі бойынша);

- тұрақты мекен-жайы туралы тұрғын үй-эксплуатациялық ұйымдардың (ЖПК), селолық және ауылдық әкімдердің және т.б. анықтамасы;

- әскери билеті (әскери қызметшілер үшін), ішкі істер органдарында қызмет еткенін дәлелдейтін ішкі істер органдарының анықтамасы;

асыраушысынан айрылған жағдай бойынша жәрдемақыларды тағайындағанда :

- алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басының куәлігі);

- қайтыс болған асыраушының, оның қарауындағы отбасында еңбекке жарамсыз мүшелерінің саны көрсетілген өтініш;

- асыраушы қайтыс болған туралы куәлік, немесе асыраушының хабарсыз жоқ болып кеткенін куәландыратын құжат;

- қайтыс болған адаммен туысқандық байланыстарын дәлелдейтін құжат, (егер асыраушы әкесі, шешесі, ағасы, апасы, немересі, өгей ұлы немесе өгей қызы болып табылса);

- неке туралы куәлік;

- қайтыс болған асыраушының балаларының туу туралы куәліктері;

- алимент туралы сот органдарының атқару парағы (қамқорлыққа алу туралы құжат);

- қайтыс болған асыраушының қарауында еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің бар екендігі және тұрақты мекен-жайы туралы үй-эксплуатациялық ұйымдардың (ЖПК), селолық және ауылдық және т.б. анықтамасы;

- 18 ден 20 жасқа дейінгі отбасы мүшелерінің оқушы немесе студент екендігі туралы оқу орнының анықтамасы;

- әскери билет (қайтыс болған әскери қызметшінің), ішкі істер органдарында қызмет еткенін дәлелдейтін ішкі істер органдарының анықтамасы;

- қарауындағы еңбекке жарамды адамдардың еңбек кітапшалары;

- тұрғылықты жеріндегі салық комитетінен табыстар жөнінде анықтама, сондай-ақ жұмыс істемейтіндігі және коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын-еңбек биржасында жұмыссыз сапасында тіркелгені туралы, 8 жасқа толмаған балаларды, інілерін, сіңілілерін немесе қайтыс болған адамның немерелерін бағып отырған адамдар үшін анықтама.

Жасына байланысты мемәлеуметжәрдемақыларды тағайындағанда:

- алушының жеке басын және жасын куәландыратын құжат (жеке басының куәлігі);

- өтініш;

- тұрақты мекен-жайы туралы үй-эксплуатациялық ұйымдардың (ЖПК), селолық және ауылдық және т.б. анықтамасы;

3. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқылы адамдар мәртебесін және арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуына азаматтың құқығын дәлелдейтін құжаттардың көшірмесін қоса өтініш береді:

- алушының жеке басын куәландыратын құжат (төлқұжат немесе жеке басының куәлігі);

- жеңілдіктерге құқығы туралы куәлік (Ұлы Отан соғысы мүгедегінің, қатысушысының куәлігі, әскери қызметшілер санындағы мүгедектердің куәлігі ( мүгедектің жеңілдікке құқығы туралы), Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметіне марапатталғанның куәлігі, Чернобыль АЭС апатын жоюға қатысушының куәлігі, ақталған азаматтың куәлігі , Қазақстан Республикасы алдындағы ерекше еңбек сіңірген зейнеткердің куәлігі, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заң күші бар, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 U952247_ Жарлығына сәйкес жеңілдіктер алуға құқығы бар туралы белгі соғылған зейнеткердің куәлігі немесе оның орнына жүретін құжат ( Чернобыль АЭС апатын немесе басқа азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі радиациялық апат және қирауды жоюға қатысқан фактісін дәлелдейтін құжат, әскери билетінде басқа мемлекеттер аумағында жауынгерлік әрекеттерге қатысқаны туралы белгілер, еңбек кітапшасында белгілер, прокуратура органдарынан ақталу туралы анықтама, қызмет міндеттерін атқару кезінде ішкі істер органдары қызметкерінің қаза болу фактісі жөнінде анықтама);

- жеңілдіктер бойынша мүгедектер мен соғысқа қатысқандарға теңелген адамдарға әскери комиссариаттардан жауынгерлік әрекеттерге қатысқан фактісін дәлелдейтін анықтама;

- Чернобыль АЭС апатының немесе басқа азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі радиациялық апат және қирау салдарын жою себебінен қайтыс болған адамдардың отбасы үшін Чернобыль АЭС апатының немесе басқа азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі радиациялық апат және қирау салдарын жою себебінен қайтыс болғаны туралы көшірмесі және әскери комиссариаттан немесе төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиядан азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі радиациялық апат және қирау салдарын жоюға қатысқанына байланысты қаза тапқан фактісін дәлелдейтін анықтама;

- мүгедектік тобын белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясының анықтамасы (үлгі бойынша);

- 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін дәрігерлік-консультативтік комиссияның анықтамасы (үлгі бойынша);

- "Алтын алқа", "Күміс алқамен" марапатталған немесе "Батыр ана" атағын алған, көп балалы ана атағын дәлелдейтін құжат;

- төрт және одан артық бірге тұратын кәмелетке толмаған (соның ішінде балалар, - кәмелетке толғаннан кейін - оқу орындарын бітірген уақытқа дейін) балалардың туу туралы куәлігі және селолық округтің әкім аппаратынан, (қалада ) жеке меншік пәтерлер кооперативінен отбасы құрамы туралы анықтама, оқу орнынан баланың арнаулы орта немесе жоғарғы оқу орынында оқитыны туралы анықтамалары.

4. Жәрдемақы тағайындауға қажет құжаттардың: тексеріс үшін түпнұсқасы және аудандық (қалалық) бөлімдер бастықтарының қолы қойылған көшірмелерін ұсыну керек. Салыстырып тексергеннен кейін құжаттардың түпнұсқасы (жеке басының куәлігі, әскери билет) өтініш иесіне қайтарылады.

5. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі құжаттар берілген күннен бастап құжаттардың көшірмелері мен түпнұсқаларды салыстырып тексеруді жүргізеді және мемәлеуметжәрдемақы мен арнаулымемжәрдемақы алушылардың істерін толық ресімдейді. Мемәлеуметжәрдемақы мен арнаулымемжәрдемақы алушылар істерінің деректері негізінде әр алушыға мемәлеуметжәрдемақы мен арнаулымемжәрдемақы тағайындау туралы ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінің бастығы мен орындаушы маманы куәландырған шешімдердің жобасын әзірлейді.

6. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінде есепке тұрмаған, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқылы азаматқа жаңа іс ресімделеді.

7. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары қызметкерлеріне, жеңілдіктерге құқығы бар отбасы мүшелеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті қызметтері тағайындайды.

8. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі әр мемәлеуметжәрдемақы, арнаулымемжәрдемақы алушыға шешім жобасын өкілдікке облыстық, Астана және Алматы ЗТМО қалалық бөлімдері арқылы жібереді.

Облыстық, Астана және Алматы ЗТМО қалалық бөлімі шешім жобасына кіріс нөмірі мен күні жазылған мөртаңба қояды да өкілдікке табыстайды.

9. Тағайындау күні және хаттаманың нөмірі, мемәлеуметжәрдемақы менарнаулымемжәрдемақының мөлшері көрсетілген мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы тағайындау туралы шешім жобасын өкілдік

бекітеді, шешімді мөрмен және бастықтың қойылған қолымен куәландырады. Содан кейін шешімді облыстық Астана және Алматы қалалық ЗТМО бөліміне тапсырады.

10. ЗТМО облыстық бөлімі шешімді электрон түрінде ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдеріне тапсырады.

11. Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар өкілдікке шешім түскен күннен бастап 5-күн мерзім ішінде тағайындалады.

12. Өтінішпен бірге өкілдік бекіткен арнаулымемжәрдемақының тағайындалған мөлшері туралы шешімді ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі зейнеткердің және мемәлеуметжәрдемақы алушының ісіне тігеді.

Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар тағайындауға құқығы болмаған жағдайда ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі мемәлеуметжәрдемақы алушының ісін облыстық, Астана және Алматы қалаларының ЗТМО бөлімдері арқылы өкілдікке тапсырады.

Өкілдік құжаттарды қарап, мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы тағайындалмайтыны туралы шешім шығарады да мемәлеуметжәрдемақы алушының ісін ЗТМО аудандық (қалалық) бөліміне облыстық, Астана және Алматы қалаларының ЗТМО бөлімдері арқылы өтініш иесіне жазбаша хабарландыру үшін қайтарады.

13. Мемәлеуметжәрдемақылар мен арнаулымемжәрдемақылар мөлшерін қайта қарау жыл сайын республикалық бюджет туралы заң бекітетін есептік көрсеткіштің өзгеруіне, сондай-ақ мүгедектік тобы, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемәлеуметжәрдемақымен қамтамасыз етілетін отбасы мүшелерінің саны өзгеруіне байланысты жүргізіледі.

Мүгедектік тобы, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемәлеуметжәрдемақымен қамтамасыз етілетін отбасы мүшелерінің саны өзгерген кезде ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі өкілдікке қайтадан мүгедектік тобы, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемәлеуметжәрдемақымен қамтамасыз етілетін отбасы мүшелерінің саны өзгеруіне байланысты жәрдемақы тағайындау туралы шешім жібереді. Мемәлеуметжәрдемақылар мен арнаулымемжәрдемақылар мөлшерін қайта қарауды жыл сайын республикалық бюджет туралы заң бекітетін есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері жүргізеді.

14. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақының мөлшері оқу орнынан әкелген анықтамаға байланысты "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағына сәйкес мерзімде қайта қаралады.

## 2. Мемәлеуметжәрдемақы, арнаулымемжәрдемақы алушыларды есепке алу тәртібі және оларды төлеуге тізім-тізімдеме жасау

15. ЗТМО облыстық бөлімдерінен шешім алғаннан кейін ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері құжаттарға тиісті өңдеу жасайды:

- ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдерінде есепте тұрмаған, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматқа N 2-пос нысанда картішкені ашады;

- жәрдемақы және зейнетақы төлеу жөніндегі N 2 және N 2-пос нысанында (үлгісі қоса берілген) есеп картішкесінде арнаулымемжәрдемақы алушы бөлек жолда көрсетіледі, ал N 2 және N 2-пос нысандарының сырт жағына ай сайын алынатын арнаулымемжәрдемақы мөлшері белгіленеді;

- мемәлеуметжәрдемақылар түрлері бойынша мемәлеуметжәрдемақылар төлеуге N 4-пос формасы бойынша тізім-тізімдеме ресімдейді және мемәлеуметжәрдемақылар түрлері бойынша осы төлемдерге құқығы бар алушыларға N 6-Аспг (үлгісі қоса берілген) нысандағы есеп кітабында тіркелетін N 4-СПГ, N 4-В-спг (үлгісі қоса берілген) нысандарында мемәлеуметжәрдемақы төлеуге тізім-тізімдеме жасалады және электрон түрінде ЗТМО облыстық бөліміне айдың 15-не дейін жіберіледі. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі берген тізім-тізімдеме негізінде ЗТМО облыстық бөлімінде формасы N 3-пос мемәлеуметжәрдемақы және формасы N 3-спг (үлгісі қоса берілген) арнаулымемжәрдемақы төлеуге қажетті қаражатқа жиынтық тізімдеме жасалады және электрон ЗТМО республикалық бөліміне жіберіледі.

- Зейнетақы және мемәлеуметжәрдемақы алушыларға, сондай-ақ тек қана арнаулымемжәрдемақы алуға құқылы азаматтарға N 7-спг немесе N 7Д-спг нысанындағы (үлгі қоса беріледі) тізім-тізімдеме бойынша жүргізіледі.

16. Зейнеткерлердің, мемәлеуметжәрдемақы алушылардың және жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың зейнеткерлік, жеңілдікті, арнаулы куәліктерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар туралы белгі соғылады.

17. ЗТМО республикалық бөлімі N 3-пос, N 3-спг нысанындағы ЗТМО облыстық бөлімдерінің өтінімдеріне сәйкес мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақы төлеуге бір немесе бірнеше төлеу тапсырыстарымен (МТ 102 форматындағы) тізім-тізімдемелерді қоса әр айдың 25 не дейін қызмет көрсететін банктің корреспонденттік шотына бір уақытта хабарлама жіберіп қаражат қаржыландыруды жүргізеді.

18. ЗТМО республикалық бөлімдері төлеу тапсырыстарында мемәлеуметжәрдемақы, арнаулымемжәрдемақы қажеттігіне сәйкес жинақтар жөніндегі шоттарға сомалар аудару тізім-тізімдемелердің нөмірлерін көрсетеді

және есепке алу кітабында жазу жүргізеді.

Сондай-ақ ай сайын ЗТМО облыстық бөлімдеріне ұстап қалулар бойынша жалпы соманы аударады, есепке алу кітабына жазады және N 2-пос нысандағы картішкеде мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақы төлемдер аударуын көрсетеді.

19. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері ф. N 7-пос, ф. N 7-Д-пос ( жәрдемақылар түріне қарай), ф. N 7-спг, ф. N 7-Д-спг (Д-үйге жеткізу) үш данада тізім-тізімдемелер жасайды, екеуін банкке тапсырады, бақылау үшін біреуін өздеріне қалдырады.

20. Көрсетілген тізім-тізімдемелер мөртабанмен куәландырылады және ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінің бастығы қол қояды.

21. Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақылар төлеу аяқталғаннан кейін қызмет көрсетуші банк бірлескен салыстырып тексеру актісін жасау үшін мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақылар төлеу бойынша тізімнің бір данасын қайтарады.

22. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері электрон түрде ЗТМО облыстық бөлімдеріне мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылардың нақты жасалған төлемдері туралы ақпарат жібереді.

23. ЗТМО облыстық бөлімінде берілген тізім-тізімдеме негізінде N 2, N 2-пос нысанына ақпарат енгізіледі.

3. Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар төлеу жөнінде есеп картішкелерін жүргізу

24. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері толтырған мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақылар төлеу бойынша N 2-пос нысандағы картішкелерді арнаулы бекіткен қызметкер жүргізеді.

25. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінің жоғарыда айтылған маманы ЗТМО бөлімінде ашылатын мемәлеуметжәрдемақылар төлеу бойынша есеп картішкелерін жеке шоттар тізім-кітабына тіркейді.

26. N 2-пос нысандағы мемәлеуметжәрдемақылар алушылардың картішкелері мемәлеуметжәрдемақылар түрі бойынша картотекада үшке топталады және нөмірлер өсу тәртібі бойынша.

Бұдан басқа барлық картотека екіге бөлінеді:

ұстап қалулар жүргізілмейтін мемәлеуметалушылар картішкесі;

ұстап қалулары орындаушы өндіріс тәртібінде жүргізілетін мемәлеуметалушылар картішкесі.

ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдерінде есепте тұрмайтын, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтардың N 2-пос нысандағы картішкелері бөлек топталады.

27. Мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы алушы басқа жаққа қоныс аударғанда, айтыс болғанда және мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақы төлеу тоқтатылатын басқа да жағдайлар салдарынан ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы алушының есеп картішкесін жабады.

Мемәлеуметжәрдемақы төлеу оны алу құқығы тоқтатылған мерзімге дейін ( кетуі, қайтыс болу, кәмелетке толу, оқу орнын бітіру, басқа себептер) жүргізіледі .

28. Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар алушылардың жабылғын картішкелері ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдерінде мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар төлеу жөніндегі қолданып жүрген картішкелерінен бөлек сақталады, ревизия өткеннен кейін ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінің мұрағатына тапсырылады, онда олар алфавит тәртібінде сақталады.

29. Мемәлеуметжәрдемақы алушының картішкесі жабылғанда " мемәлеуметжәрдемақы төлеуін тоқтату" бөлігінде күні және жабылу себебі, сондай-ақ мемәлеуметжәрдемақылар немесе арнаулымемжәрдемақылар төленген айы мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар есепке алынатын кітап-тізімде бір уақытта жасалған белгісі көрсетілген ЗТМО лауазымды адамдарының қолы қойылып жазылады.

30. Мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы төлемдері аяқталғаннан кейін қызмет көрсетуші банк пен ЗТМО бөлімдері арасында формасы N 8-пос, N 8-спг өзара тексеру актісі және ЗТМО облыстық бөліміне тапсырылатын N 1-ПЦ формасында есеп беру жасалады. ЗТМО облыстық бөлімі облыс бойынша жиынтық есеп беру жасайды және оны ЗТМО республикалық бөліміне жібереді.

31. Қызмет көрсетуші банктегі алушының жеке шотына аударылған мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымем-жәрдемақылардың сомалары, ол қайтыс болған жағдайда республикалық бөлімнің есеп айырысу шотына ол қайтыс болғаннан кейінгі келесі ай мерзімі үшін ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі хатының негізінде қайтаруға жатады.

32. Қызмет көрсетуші банктегі жеке шоттың өзгеруі ЗТМО аудандық ( қалалық) бөлімдеріне мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы алушының берген өтініші бойынша жүргізіледі. 33. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдемақылар төлеу жөніндегі есеп беру картішкелерін түгендеуді жылына бір рет жүргізеді. 4. Мемәлеуметжәрдемақы алушыларға ЗТМО-дан жерлеуге берілетін жәрдемақы төлеу тәртібі 34. Мемәлеуметжәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері қайтыс болу туралы куәліктің негізінде күн сайын

ЗТМО облыстық бөліміне жерлеуге берілетін жәрдемақы төлеуге N 11-пос формада өтінім береді. 35. ЗТМО облыстық бөлімі ЗТМО республикалық бөліміне қызмет көрсетуші банк тұрғысынан жерлеуге берілетін жәрдемақы төлеуге күн сайынғы қажеттік өтінімін береді.

36. Көрсетілген өтінім негізінде ЗТМО республикалық бөлімі мемәлеуметжәрдемақы алушыларға жерлеуге қаражат қажеттігіне өтінім әзірлейді және мемәлеуметжәрдемақы төлеуге жиынтық кестесіне енгізеді.

37. Көрсетілген қаражат түскен кезде ЗТМО республикалық бөлімі облыстық қызмет көрсетуші Банкке жалпы сомамен оларды аударады.

38. ЗТМО облыстық бөліміне өтінім түскеннен кейін сол күні ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі қызмет көрсетуші Банкке жерлеуге берілетін жәрдемақы алушылардың тізім-тізімдемесін тапсырады.

39. Қайтыс болған адамның отбасына жерлеуге берілетін бір жолғы жәрдемақылардың сомасын банктегі арнаулы салымдар бойынша ашылатын шоттарға есепке алу және алушыларға арнаулы салымдардан төлеуді қызмет көрсетуші Банк пен Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың арасында жасалған Бас Келісім реттейді.

40. ЗТМО республикалық бөлімінен мемәлеуметжәрдемақы алушыға төленетін жерлеуге берілетін жәрдемақы мөлшері "Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6 бабының 3-1 тармағына сәйкес белгіленеді.

41. Мемәлеуметжәрдемақының алынбаған тиісті сомасы ЗТМО аудандық ( қалалық) бөлімдері ЗТМО республикалық бөліміне жіберетін мемәлеуметжәрдемақы төлеуге қаражат қажеттігінің жалпы өтініміне енгізеді, ал қайтыс болған мемәлеуметжәрдемақы алушы Банкке жіберілетін формасы N 7-пос тізім-тізімдемеге ақырғы рет енгізіледі. ЗТМО республикалық бөлімдері аударған сомалары, тізімге сәйкес мемәлеуметжәрдемақы алушының Банктегі жеке шотына есепке алынады.

42. Қайтыс болған мемәлеуметжәрдемақы алушының жеке шотынан олардың мұрагерлеріне ақша төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

## 5. Шетелге кететін азаматтарға мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақы төлеу

43. Шетелге тұрақты тұруға кететін мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақы алушыларға мемәлеуметжәрдемақы немесе

арнаулымемжәрдемақы ЗТМО бөлімінен есептен шыққан айына дейін төленеді.
Ол үшін мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақы алушы ЗТМО аудандық (қалалық) бөліміне шетелге кететіні туралы өтініш береді.

44. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі N 4-В-пос формасы бойынша бөлек тізім-тізімдеме жасайды және оны ЗТМО облыстық бөліміне жібереді. ЗТМО облыстық бөлімі көрсетілген соманы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу қажеттігінің жинақ кестесіне енгізеді де ЗТМО республикалық бөліміне тапсырады. ЗТМО республикалық бөлімі тізім-тізімдеме негізінде қаржыландыру жүргізеді.

45. Кететін мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы алушыға мемәлеуметжәрдемақы немесе арнаулымемжәрдемақы төлемдері жасалғаннан кейін ЗТМО облыстық бөлімдері және ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері мемәлеуметжәрдемақы және мұрағатқа тапсырылатын арнаулымемжәрдемақы алушының есеп картішкесіне белгі соғады.

## 6. Бас бостандығынан айрылу кезеңінде мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақы төлеу

46. Мемәлеуметжәрдемақыларды алушылар бас бостандығынан айрылған жағдайда, оларды ұстау бойынша шығындарды өтеу үшін Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 желтоқсандағы N 209-1 Қылмыстық-атқарушы Кодексінің 103-бабының 1 және 3 тармақтарына сәйкес жәрдемақылар төленеді.

47. Оны ұстауға бөлінген шығындарды өтеу үшін сотталған жәрдемақы алушы жазбаша өтінішінде жәрдемақының қандай түрін алған және қай уақытқа дейін оған төленгенін көрсетіп түзеу мекемесінің әкімшілігіне апарады. Түзеу мекемесі ЗТМО аудандық (қалалық) бөліміне сотталғанның тегін, атын, әкесінің атын, бұрын тұрған жерінің адресін, оған жәрдемақы қай кезеңге төленгенін, сондай-ақ жаза өтеу мерзімін және түзеу мекемесінің деректерін көрсетіп хат жолдайды.

48. Түзеу мекемесінің тұрғылықты жері бойынша ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі түзеу мекемесінен хабарлау алып, сотталған мемәлеуметжәрдемақы немесе әлеуметмемжәрдемақы алушының ісін бұрынғы (сотталғанға дейінгі) тұрғылықты жері бойынша ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінен сұратады.

ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі (түзеу мекемесінің тұрғылықты жері бойынша) мемәлеуметжәрдемақы немесе әлеуметмемжәрдемақы алушының ісін алып, оны есепке алады да мемәлеуметжәрдемақы немесе әлеуметмемжәрдемақыларды түзеу мекемесінің арнаулы шотына аудару үшін сотталған жәрдемақы алушыны тізім-тізімдемеге енгізеді.

49. ЗТМО облыстық бөлімі мемәлеуметжәрдемақы және

әлеуметмемжәрдемақы төлемдерінің жиынтық қажеттік кестесіне түзеу мекемесіне аударуға жататын мемәлеуметжәрдемақы және әлеуметмемжәрдемақылардың жалпы сомаларын енгізеді және көрсетілген сомаларды белгілі тәртіпте қаржыландыратын ЗТМО республикалық бөліміне тапсырады.

50. Түзеу мекемелерінде сотталғандардың жеке шотына, барлық ұстап қалуларды санамағанда, оларға аударылған зейнетақы немесе басқа кірістердің 25 процентінен кем емесі, 60 жастан үлкен-еркектердің, 55 жастан үлкен-әйелдердің, 1 және 2-топтағы мүгедектердің, кәмелетке толмағандардың, жүкті әйелдердің, балалар үйінде балалары бар әйелдердің оларға аударылған зейнетақы немесе басқа кірістердің 50 процентінен кем емесі аударылады.

51. Арнаулымемжәрдемақы алушының бас бостандығынан айрылу түрінде қылмыстық жаза өтеу кезеңіне арнаулымемжәрдемақы тағайындау және төлеу тоқтатылады.

Егер арнаулымемжәрдемақы алушы "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Z990365_ Заңның 4 бабында 3)-тармақшасында көрсетілген азаматтарға жататын болса, онда осы жәрдемақы отбасының басқа оған құқығы бар мүшесіне ресімделеді.

7. Мемәлеуметжәрдемақы және арнаулымемжәрдемақылардан ұстап қалулар

52. Жәрдемақылардан ұстап қалулар:

- сот шешімдері, анықтаулары, қаулылары және үкімдері, нотариалдық кеңселердің орындау қағаздары және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот шешімдерін атқару үшін белгіленген тәртіпте орындалатын басқа да шешімдер мен қаулылар негізінде жүргізіледі.

53. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері ай сайын ЗТМО облыстық бөлімдеріне атқарушы өндіріс тәртібінде жәрдемақылардан ұстап қалулар туралы N 4А-пос формасында мәліметтер береді.

54. ЗТМО облыстық бөлімдері ұстап қалулар жөнінде N 4-А-пос формасында жиынтық қосымша тізілім-тізімді ЗТМО республикалық бөлімдеріне тапсырады.

55. Орындау қағазы бойынша ұстап қалулар мен өндіріп алулар есепке алу кітабында мына тәртіпте жүргізіледі:

а) келіп түскен орындау қағаздары алимент өндіру туралы орындау құжаттарын есепке алатын кітапта тіркеледі;

б) жәрдемақы төлеу жөніндегі есеп картішкесінде "өзге белгілер" бөлімінде ұстап қалу оның пайдасына жасалып отырған адамның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі;

в) әр аймақтық учаске бойынша алиментке орындау қағазының жәрдемақы алушылардан және алушыларға аударылған алимент сомалары ай сайын

белгіленетін тізімі жүргізіледі;

г) тағайындалған жәрдемақы ай сайынғы ұстап қалуларды есепке алып төленеді, сонымен ЗТМО аудандық (қалалық) бөліміндегі жәрдемақы алушының есеп картішкесінде тиісті жазу жүргізіледі.

56. Артық төлеуді өндіріп алу жөніндегі талдамалы есеп мынадай тәртіпте жүргізіледі:

а) бұл сомаларды есепке алу жәрдемақы төлемдері жөніндегі N 2-пос нысанындағы картішкенің бөлімінде жасалады, ол туралы жазу жасалғанда ұстап қалуға жататын жалпы артық төлем сомалары,айлық ұстап қалу сомасы, мерзімі көрсетіледі;

в) мемжәрдемақылар үшін аударылған қаражатты қаржыландыру үшін тізім-тізімдемелерінде артық төлемдерді өтеу ұстап қалуларына шегерілген сомалары көрсетіледі. Ұстап қалған сомалар жәрдемақы алушылардың N 2-пос нысандағы есеп картішкелерінде жазылады.

57. Арнаулымемжәрдемақылардан ұстап қалулар жасалмайды.

8. Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақылар төлеу

58. Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақылар төлеуді қызмет көрсетуші Банк мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақылар алушылардың тізім-тізімдемелері негізінде жеке басын куәландыратын құжаты (жеке басының куәлігі немесе зейнеткердің куәлігі) болса ғана жүргізеді. Мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақыларды қызмет көрсетуші Банк арқылы төлеу үшін салымдар жөніндегі шоттарға есепке алу жолымен оны алғаны туралы азаматтың жазба түріндегі өтініші міндетті шарт болып табылады.

59. Ата-анасының екеуінен де айрылған балаларға (тақыр жетім) тағайындалған мемәлеуметжәрдемақылар және арнаулымемжәрдмақылар олардың заңды өкіліне төленеді (асырап алушысына, қамқоршысына). 60. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімі қызмет көрсетуші Банкпен бірлесіп ай сайын келесі айдың 5-не дейін ЗТМО облыстық бөлімдеріне облыс бойынша жиынтық салыстырып тексеру актісін жасау үшін жіберілетін N 8-Апос, N 8-спг нысаны бойынша (үлгісі қоса берілген) салыстырып тексеру актісін жасайды. Ф.ПВ ____ ______________________________________________________________ ( ЗТМО бөлімшесінің атауы) ЕХҚМ зейнетақы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі __________________ ________________________________________ облыстық (қалалық) өкілдігіне ЗТМО облыстық филиалына 2 данада ұсынылады Зейнетақылар бойынша ұсынылатын құжаттар туралы 199 ___ "___" __________ __ N ______ Хабарлама ________________________________________________ __________________________ р/с!з/і немесе!Зейнетақы алу!Қоса тіркел!

Орындалуы туралы !Орындаушы- N !тіркеу N !шының тегі, !ген құжат- !белгі __ _____________!ның қолы ! !әкесінің аты,!тардың саны!зейнетақы мөлшері ___! ! !аты ! !______ дейін ________! ! ! ! !______ теңге болып ! ! ! ! !бекітілді ! ___!___ _______!_____________!__________!____________________!___________ 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ___!__________!_____________!___________!___________________ __!___________ _________________________________________________________ ___________________ ___________________________________________________ _________________________ Барлығы ______________________ құжат қоса тіркеледі Мөртаңба ЗТМО бөлімшесінің бастығы ________________________ Орындалғасын 2-данасы ЗТМО бөлімшесіне қайтарылады Өкілдікте орындалғандығы туралы белгі "___" ___________ 19___ ж. __________________ ____________________________________________________ (тексерілген күні) ( орындаушының қолы) ЗТМО бөлімшесіне жіберу "__" ________ 19___ж. ______ _________________ (кеңсе белгісі) ЗТМО бөлімшесіне хабарламаның түскен күні "__" _________ 19____ж. Операциялық бөлімге өңдеуге тапсырылды "__" ______ ___ 19____ж. Сақтауға қабылданды "__" _________ 19____ж. ЗТМО облыстық бөлімінің __________ операциялық жұмыс бөлімі _________ Форма N 6 СГП Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық Арнаулы мемжәрдемақылар жөніндегі төлеу тапсырмалары есебінің кітабы ______________________________ ____________________________________________ Төлеу !Төлеу !Төлеу ! Алушының ! Сома !Зейнет. орталығы тапсырмасы!тапсырмасы!тағайындау ! деректемеле! !бөлімшесінің күні !ның нөмірі! !рі ! !атауы __________!_________ _!___________!___________!_______!_________________ 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ____ ______!__________!___________!___________!_______!_________________ ____ _________________________________________________________________ _ _________________________________________________________________ __ Таблицаның жалғасы: __________________________ Аудару туралы!Жауапты ! белгі !орындаушын.! !Т.А.Ә. ! ______________!___________! 7 ! 8 ! ____________ _!___________! ______________!___________! Код ___________ Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың жәрдемақы және арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу жөніндегі N ________ есеп карточкасы форма N 2-пос ӘЖК __ _______________ СТН______________ Жәрдемақы тағайындаудың бастапқы күні ---------------------- Т.А.Ә. ______________________________ !19___ж. ___ N ___/___ ! Туған жылы "__" ____199__ жыл Жынысы (әйел,ер.)! жеке іс қағазының ! N _____________ ----------------------- Мекен-жайы _______________ ______ ЖШ О*** ҮЖ О**** Жәрдемақы түрі _________________ Жеке шоты, банк Күні Шифр __________ деректемелері Картішкенің ашылу дұрыстығы. тексерген бас мам. Мөртабан Арнаулы мемжәрдемақы (санаты)* "__"___19_ж.__ теңге Т.А.Ә. _____________________ 1999 жылға ___________________________

